

Күршім ауданының Қалжыр ауылдық округінің Оң жақ-Қалжыр ауылына белгіленген шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Қалжыр ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 3 қарашадағы № 2 өкімі

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2 тармағы және "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына, Күршім ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2014 жылғы 28 қазандағы № 798 ұсынысына сәйкес, Қалжыр ауылдық округі әкімі **ШЕШТІ:**

1. Күршім ауданының Қалжыр ауылдық округінің Оң жақ-Қалжыр ауылындағы ұсақ малдары арасында сарып ауруы шығуына байланысты, белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Қалжыр ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 30 мамырдағы "Күршім ауданының Қалжыр ауылдық округінің Оң жақ-Қалжыр ауылына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2014 жылғы 10 маусым № 3374 болып тіркелген) № 1 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

Қалжыр ауылдық округі әкімінің м.у.а

Қ.Хадакова